

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1307 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2006 жылғы 24 шілдеде София қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі 1999 жылғы 15 қыркүйекте Болгария Республикасы, София қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) мынадай өзгерістер енгізу туралы келісті :

- 1) Келісімнің 3-бабының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Келісімде ұсынылатын режимнің ережелері оның кедендік, экономикалық немесе валюталық одаққа, ортақ нарыққа немесе еркін сауда аймағына, экономикалық қоғамдастықтарда немесе басқа осындай ұйымдарға мүшелігіне байланысты кез келген Уағдаласушы Тарап ұлттық инвесторларға, мұндай одаққа, ұйымға, ортақ нарыққа немесе еркін сауда аймағына мүше мемлекеттің немесе басқа да үшінші мемлекеттің инвесторларына беретін барлық қолда бар немесе болашақтағы артықшылықтарға қолданылмауға тиіс. Сондай-ақ мұндай режим Қосарлы салық салу туралы келісімнің немесе салық салуға байланысты өзара негіздегі басқа да келісімдердің негізінде кез келген Уағдаласушы Тарап үшінші мемлекеттің инвесторларына ұсынатын кез келген артықшылыққа жатқызылмауға тиіс."

2) 6-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "әрқайсысы" деген сөз "Еуропалық комиссия қабылдаған шараларды қозғамай-ақ, Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы ... " деген сөздермен ауыстырылсын.

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

София қаласында 2006 жылғы 24 шілдеде қазақ, болгар және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін талқылау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының *Болгария Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Осымен 2006 жылғы 24 шілдеде София қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы Келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттаманың бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н *Р е с п у б л и к а с ы*
С ы р т қ ы і с т е р *м и н и с т р л і г і н і ң*
Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ *д е п а р т а м е н т і*

Директордың орынбасары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН БОЛГАРИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ӨЗАРА КӨТЕРМЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі, өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты нығайтуды тілей отырып, бір Уағдаласушы Тарап инвесторларының басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тең құқықтық және өзара пайда негізінде инвестицияларды жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдайларды көтермелеуге және ұмтыла отырып,

осы Келісімге сәйкес инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғаудың осы саладағы іскерлік бастамашылыққа жағдай тудыратынын мойындай отырып, төмендегі туралы уағдаласты:

1 - б а п

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаты үшін:

1. "Инвестиция" деген термин бір Уағдаласушы Тараптың басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторының аумағында бұл инвестициялар соңғысының заңдарына сәйкес жүзеге асырылған шартында инвестицияландырылған салымдарының кез келген түрін білдіреді және атап айтқанда, ерекше емес түрде мыналарды қамтиды:

а) жылжымалы және жылжымайтын мүлік пен оған байланысты басқа да мүліктік құқықтар және ипотека, кепіл және басқалар түріндегі нақты қамтамасыз етулер;

б) акциялар, салымдар (пайлар), облигациялар және қоғамдарға немесе Уағдаласушы Тараптардың әрбірінің заңдарына сәйкес тіркелген өзге де заңды тұлғаларға қатысудың басқа да нысандары;

в) несиелер, ақша қаражаттары бойынша талап ету құқықтары мен экономикалық құндылыққа ие басқа да құқықтар;

г) авторлық Құқық пен оған ұқсас құқықтарды қоса алғанда интеллектуалдық меншік құқықтары патенттер, лицензиялар, өнеркәсіптік үлгілер, тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары, шығу жерлерінің атаулары, технологиялық процестер, ноу-хау және гудвилл;

д) табиғат ресурстарының зерделеуге, барлауға, өндіру мен игеруге арналған құқықтарды қоса алғанда Уағдаласушы Тараптардың әрбірінің заңдарына сәйкес берілген шаруашылық қызметін жүзеге асыруға арналған құқықтар.

Өздері жүзеге асырылған инвестициялардың нысандарын бұдан әрі өзгерту, мұндай өзгеріс аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Уағдаласушы Тараптың заңдарына қайшы келмейтін жағдайда инвестициялар ретіндегі олардың біліктемесіне әсер етпейді.

2. "Кірістер" деген термин кәсіпорынды басқарғанына пайда, дивидендтер, өсімдер, сыйақы ретінде инвестициялардың нәтижесінде алынатын қаражатты және Уағдаласушы Тараптардың әрбірінің заңдарына сәйкес алынатын басқа да қаражатты білдіреді.

3. "Инвестор" деген термин Уағдаласушы Тараптардың әрбіріне қатысты:

- Уағдаласушы Тараптардың бірінің оның қолданылып жүрген заңдарына сәйкес азаматы болып табылатын жеке тұлғаны;

- Уағдаласушы Тараптардың әрбірінің мемлекеттерінің заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға құқығындағы немесе онсыз және оның аумағындағы кез келген компанияны, ұйымды немесе ассоциацияны білдіреді.

4. "Аумақ" деген термин, бір жағынан Қазақстан Республикасының және екінші

жағынан, Болгария Республикасының егемендігіндегі аумақтық теңізде, сондай-ақ континентальдық шельф пен тиісті мемлекет егемендік құқығы мен халықаралық құқыққа сәйкес заңдық өкілеттігін жүзеге асыратын ерекше экономикалық аймақты қоса алғандағы аумақты білдіреді.

2 - б а п

Инвестицияларды көтермелеу және қорғау

1. Уағдаласушы Тараптардың әрбірі өз аумағында басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларын көтермелейді, қорғайды және мұндай инвестицияларға өзінің заңдарына сәйкес жол береді.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрбірі өзінің заңдарына сәйкес басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларын толық қорғалу кепілдігін береді.

3. Инвестициялардан түскен кірістер, ал екінші рет инвестициялаған жағдайда (қайта инвестициялау) - екінші рет инвестициялауда (қайта инвестициялау) түскен кірістер бастапқы инвестицияға секілді дәл сондай қорғауды пайдаланады.

4. Уағдаласушы Тараптардың әрбірі өз заңдарына сәйкес өзінің аумағындағы басқа Уағдаласушы Тараптың инвестициялық қызметі жүзеге асырушы азаматтарының келуі, болуы, жұмысы мен жүріп-тұруына қатысты мәселелерді қолайлы түрде қарайтын болады.

3 - б а п

Инвестициялардың құқықтық режимі

1. Уағдаласушы Тараптардың әрбірі өзінің аумағында басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторлары жасаған инвестицияларға және инвестицияларға байланысты қызметке инвестицияларды басқару мен оларға иелік етуге кедергі келтіруі мүмкін кемсітушілік сипаттағы шараларды болдырмайтын әділ де, тең құқықтық режим беретін болады.

2. Осы Баптың 1-тармағында көрсетілген режим, өзінің инвесторларының немесе кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларының инвестицияларына байланысты инвестициялары мен қызметіне берілетін қолайлы режимнен кем болып табылмайды.

3. Уағдаласушы Тараптардың әрбірі шетелдік инвесторлардың қызметіне қатысты шектеу немесе ерекшелікке жол берілетін қызметтің салалар мен аяларды айқындау құқығын өзінде қалдырады. Кез келген жаңа ерекшелік алайда жоғарыда айтылған ерекшелік күшіне енгеннен кейін жасалған инвестицияларға ғана қолданылатын болады.

4. Осы Баптың 2-тармағының ережелерімен берілетін мейлінше қолайлы жағдай режимі Уағдаласушы Тарап болашақта:

а) қазіргі бар немесе болашақтағы кеден одағына, еркін сауда аймағына, экономикалық қоғамдастықтарға немесе осы секілді басқа да институттарға қатысуға;

б) қос салық салуды жою туралы келісімдерге немесе салық мәселелері жөніндегі басқа да келісімдерге қатысуға байланысты беретін немесе болашақта беретін басымдықтарға қолданылмайды.

5. Кірістерді қайта инвестициялау бастапқы инвестицияларға секілді дәл сондай режимді пайдаланады.

4 - б а п

Залалды өтеу

Басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына аумағында соғыстың немесе басқа да қарулы қақтығыстың, төтенше жағдай енгізудің немесе осы секілді өзге де жағдаяттардың нәтижесінде залал келтірілген Уағдаласушы Тарап мұндай инвесторларға жоғарыда аталған жағдаяттардың нәтижесінде оларға келтірілген залалдарын өтеу кезінде кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына беретін режимнен кем емес қолайлы режим ұсынады.

5 - б а п

Экспроприация

1. Уағдаласушы Тараптардың бірінің инвесторларының басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында жүзеге асырған инвестициясы, заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттің аса маңызды мұқтаждықтары үшін қолданылатын, кемсітушілік болып табылмайтын және дереу төлем мен тиісті өтем жағдайларды қоспағанда, экспроприациялануы немесе ұлттандыруы мүмкін емес;

Нақ осы шарттар, сондай-ақ инвестицияларды қоғамдық меншікке трансформациялау кезінде де, оларды қоғамдық бақылауға беру кезінде де, сондай-ақ өзінің салалары бойынша ұлттандыруға теңесетін егеменді шаралар жолымен Уағдаласушы Тараптардың әрбірінің инвесторларының меншік құқығын әрбір шектеудің немесе алып қоюдың кезінде де қолданылатын болады.

2. Өтем ұлттандыру актісі тікелей күшіне енгеніне дейін ұлттандыратын инвестициялардың нарықтық құнына сәйкес келуі тиіс, кідіріссіз төленеді және инвестициялар төлем жасау сәтіне дейін, не кез келген басқа валютада инвестордың келісімімен жүзеге асырылған инвестицияның тиісті еркін айырбасталатын валютасында 12 айлық проценттік ставкаға (LIBOR) теңесетін жылдық проценттерді қамтиды. Тиісті өтемнің мөлшерін айқындау кезінде құнның кез келген төмендеуі көпшілікке жариялау нәтижесінде болса, онда оны кесіп тастау қолданылмайтын болады. Осы өтемді төлеу инвестордың еліне еркін аударым жасауға жатады.

6 - б а п

Инвестицияларға байланысты төлемдердің аударымы

1. Уағдаласушы Тараптардың әрбірі басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына олар барлық салықтық міндеттемелерді орындағаннан кейін инвестицияларға байланысты және атап айтқанда мынадай төлемдерді кедергісіз аударуға рұқсат етеді:

а) бастапқы күрделі салым сомалары және инвестицияларды қолдауға немесе ұлғайтуға арналған қосымша сомалар;

б) инвестициялардан түсетін кірістер;

в) инвестордың инвестицияларды толық немесе ішінара жоюы нәтижесінде алынған

с о м а л а р ;

г) займдарды төлеу, патенттік жарналарды төлеу, басқа да шығыстарды төлеу ретінде инвестициялардың жұмыс істеуінен туындайтын шығыстарды төлеуге арналған қ а ж е т т і с о м а л а р ;

д) осы Келісімнің 4 және 5-баптарына сәйкес өтемдер;

е) басқа Уағдаласушы Тараптың азаматтарының жұмыстар мен бірінші Уағдаласушы Тараптың аумағында жүзеге асырылған инвестицияларға байланысты орындалатын қызмет көрсетулер үшін оның заңдарында көзделген мөлшерде және тәртіпте алатын еңбекақысы мен басқа да сыйақылары;

ж) инвестициялық дауды шешу кезінде туындайтын төлемдер.

2. Осы Баптың 1-тармағында көрсетілген төлемдердің аударымы аумағында, мемлекеттердің ұлттық заңдарына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу шартында, кідіріссіз төленеді.

3. Уағдаласушы Тараптардың әрбірінің мемлекеттерінің заңдарына сәйкес осы Баптың нысанасы болып табылатын барлық аударымдарына кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына жасалған аударымдардан кем емес қолайлы режим беріледі.

7 - б а п

Суброгация

1. Егер Уағдаласушы Тарап өзінің инвесторына төлемді инвестицияларға байланысты жасалған кепілдік немесе сақтандыру шартының негізінде жүргізетін болса, басқа Уағдаласушы Тарап бірінші Уағдаласушы Тарапқа инвесторға тиесілі құқықтар мен міндеттемелерді беруді таниды. Инвестордың құқығы өзіне көшкен Уағдаласушы Тарап, инвестор секілді осындай түрде сақтандырылған инвестицияларға байланысты инвестордың міндеттемелеріне қатысты ескерілген дәл сол құқықтарға ие б о л а д ы .

2. Осы Баптың 1-тармағында көзделген суброгация жағдайында, егер оған Уағдаласушы Тарап уәкілеттік бермесе инвестор талаптар қоя алмайды.

8 - б а п

Уағдаласушы Тараптардың арасындағы даулар

1. Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар Уағдаласушы Тараптардың арасында мүмкіндігінше келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

2. Егер Уағдаласушы Тараптардың арасындағы дау келіссөздер жүргізу басталған сәттен бастап алты айдың ішінде мұндай түрде шешілмейтін болса, онда Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша ол төрелік сотының қарауына берілуі м ү м к і н .

3. Мұндай төрелік соты әрбір нақты жағдайда мынадай түрде құрылады: төрелік туралы өтінішті алған сәттен бастап үш ай ішінде Уағдаласушы Тараптардың әрбірі

соттың бір мүшесін тағайындайды. Бұл соттың екі мүшесі үшінші мемлекеттің азаматын сайлайды, ол Уағдаласушы Тараптардың екеуінің мақұлдауынан кейін, оны соттың төрағасы тағайындайды. Төрелік сотының төрағасы соттың басқа екі мүшесін тағайындаған сәттен бастап екі айдың ішінде тағайындалуы тиіс.

4. Егер осы Баптың 3-тармағында көрсетілген мерзімде қажетті тағайындаулар жүргізілмеген болса, онда өзге уағдаластықтың болмауы кезінде, Уағдаласушы Тараптардың әрбірі Халықаралық соттың төрағасына мұндай тағайындауларды жүргізу жөнінде өтініш жасай алады. Егер Төраға Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылса, немесе әлдебір өзге себептер бойынша көрсетілген функцияны орындай алмайтын болса, қажетті тағайындау жүргізу жөніндегі өтініш Халықаралық соттың тете-төрағасына жасалуы мүмкін. Егер тете-төраға Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылса, немесе көрсетілген функцияны орындай алмайтын болса, қажетті тағайындау жүргізу жөніндегі өтініш Халықаралық соттың Уағдаласушы Тараптардың бірде-бірінің азаматы болып табылмайтын ағалығы бойынша кеңесі мүшесіне жасалуы мүмкін.

5. Төрелік сотының Төрағасы мен мүшелері Уағдаласушы Тараптардың екеуі де дипломатиялық қатынасты ұсынатын мемлекеттердің азаматтары болуы тиіс.

6. Төрелік сот өз шешімін осы Келісім ережелерінің, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға танылған принциптерімен басым дауыспен енгізеді. Мұндай шешім түпкілікті және екі Уағдаласушы Тарап үшін міндетті болып табылады. Сот өз жұмысының тәртібін дербес айқындайды.

7. Уағдаласушы Тараптардың әрбірі өзінің соттың мүшесін тағайындау қызметіне және төрелік процесіндегі өзінің өкілдігіне байланысты шығыстарды көтереді.

9 - б а п

Уағдаласушы Тарап пен Екінші Уағдаласушы Тарап Мемлекеті инвесторының арасындағы даулар

1. Уағдаласушы Тараптардың бірінің инвесторы мен басқа Уағдаласушы Тараптың осы Келісімге сәйкес оның міндеттемелеріне қатысты және бірінші Уағдаласушы Тарап инвесторының инвестицияларды жүзеге асыруына байланысты туындайтын даулар мүмкіндігінше келіссөздер арқылы шешіледі.

2. Дау осы түрде оның туындау сәтінен бастап алты айдың ішінде шешілмейтін болса, онда ол аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Уағдаласушы Тараптың құзыреті сотының немесе төрелігінің қарауына берілуі мүмкін.

3. Осы Келісімнің 5 және 6-баптарының негізінде даулар Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының төрелік регламентіне сәйкес (UNCINRAL.) "ad-hoc" төрелік сотының қарауына немесе Уағдаласушы Тараптардың екеуі "Мемлекеттер мен басқа мемлекеттер азаматтарының арасындағы инвестицияларға қатысты дауларды шешу туралы" 1995 жылғы 18 наурыздағы Вашингтон Конвенциясына қосылуы жағдайында, инвестор осы Баптың 2-

тармағына сәйкес талап-арыз қою құқығын пайдаланбауы шартында Инвестициялар жөніндегі даулар халықаралық шешу орталығына берілуі мүмкін.

Осы мақсатта кез келген Уағдаласушы Тарап жоғарыда аталған халықаралық төрелік рәсімін қолдануға өздерінің келісімін мәлімдеуі тиіс.

4. Төрелік сот өз шешімі аумағында инвестициялары жүзеге асырылған Уағдаласушы Тараптың заңдарының, осы Келісімнің ережелерінің, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға танылған принциптері мен нормаларының негізінде қ а б ы л д а й д ы .

5. Төрелік сотының шешімі түпкілікті және екі Тарап үшін дауда міндетті болып табылады және аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес орындалады.

6. Уағдаласушы Тараптардың әрбірі сотта өзінің мүшесін тағайындаған қызметіне және төрелік процестегі өзінің өкілдігіне байланысты шығыстарды, соттың төрағасының қызметіне байланысты шығыстарды көтереді және өзге де шығыстарды Уағдаласушы Тараптар тең үлестерде көтереді.

7. Даудың тарабы болып табылатын Уағдаласушы Тарап төрелік рәсімдерінің немесе соттың шешімін орындаудың кез келген сатысында инвесторға келтірілген залалдың бүкіл немесе бір бөлігін қамтитын сақтандыру шартының негізінде алу өтем фактісіне сүйене алмайды.

1 0 - б а п

Консультациялар

Уағдаласушы Тараптардың әрбірі басқа Уағдаласушы Тарапқа осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты мәселелер бойынша консультациялар жүргізуді ұсына алады. Басқа Уағдаласушы Тарап осы консультацияларды жүргізу жөнінде қажетті шаралар қолданады.

1 1 - б а п

Қолданылуы

Осы Келісімнің ережелері ол күшіне енген сәтінен 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бастап жүзеге асырылған инвестицияларға да қолданылады.

1 2 - б а п

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім бекітуге жатады және бекіту грамоталарын алмасу күнінен отыз күн өткен соң күшіне енеді және он бес жыл бойы қолданылатын болады.

2. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірде-бірі басқа Уағдаласушы Тарапқа бастапқы мерзім өткенге дейін осы Келісімнің қолданылуын тоқтату жөніндегі өзінің ниеті туралы кемінде он екі ай бұрын жазбаша нысанда мәлімдемесе, оның қолданылуы өзінен өзі кезекті бес жыл мерзімге ұзартылады.

3. Осы Келісімнің қолданылуы күніне дейін жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты осы Келісімнің 1-11-баптарының ережелері, оның қолданылуының

тоқтатылуы күнінен бастап одан арғы он жыл бойы күшінде қалатын болады.

4. Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптардың арасында жазбаша келісім бойынша түзетулер енгізілуі мүмкін. Кез келген түзету Уағдаласушы Тараптардың әрбірі басқа Уағдаласушы Тарапқа мұндай түзетуді күшіне енгізуге кедергі келтіретін өзінің барлық шарттарын реттегенін хабарлағанда күшіне енуі тиіс.

1999 жылғы 15 қыркүйекте София қаласында екі түпнұсқа данада қазақ, болгар және орыс тілдерінде жасалады және де барлық мәтін бірдей күшке ие. Осы Келісімді түсіндіруге байланысты даулар туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар Келісімнің орыс тіліндегі мәтінін пайдаланатын болады.

*ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН*

*БОЛГАРИЯ
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ*

ҮКІМЕТ ҮШІН